Біздің өңір үшін бүгінгі өркендеттің қалыптасуы сіздің өнеріңіз сияқты көп істің кезінде үлкен жағалық ретінде қабылдағанымыз көре қалған лектің өкіліміз. Сол істердің қай-қай жерде де бір бастаушысы, бастап беруші жанкүйерлері болғаны сіра белгілі. Мысалы, Құрық пен Жетібайдағы саз мектептерің айтсақ Орекенді — Орын Құлсарияң айтқанымыз. Ал енді бір кезде бүкіл Манғыстау ауданында нота сауаты бар жалғыз адам Орекен еді. 1965 жылы Шәмші Қалдаяқов іс сапармен келер алдында оның соңғы шығарған «Акерке Жайық» әнін нотадан «ежістің» шығарған осы ағамыз экендігін айтсақ өртенгі.

Спортқа да солай. Біздің лек дене тәрбиесіңен пән мұғаліміңің кермей, тіпті оның болатынын білмей өскен ұрпақ. Мектеп спорты дегеннен білгеніміз - шаңы бұрқыран жататын футбол, волейбол алаңы. Волейбол торы шетін бота жеп қойған «жамуалы», футбол добы дефинит болмақ. Сосын екі ағаштың ортасына сүймен өткізіп қаққан турник, арқаны салбыраған арқалық, бөренеден домбалдаған «есек». Жетібайдағы орта мектептің құмдай спорт залың, ондағы баскетбол алаңың 1965 жылы

көрпін, үлкен жетістік екен деп бағалағаным есімде. Марқұм Бақтырәй Серікбаев осы мектептің 1966 жылы түсетің еді. Біз оны Бақтоң дейтібіз. Екеуіміз Түбжіктегі бастауыш мектептің 1-ші сыныбында бірге оқығанбыз. Мен көпшілі барлаушы ауылмен ілесіп Қошақ, Ақшымұрау айналып Озеннен шықтым да оның үйі Түбжіктен Жетібайға келді. Мамасы Мария айналымз мұғалім

Бұшның егтері шапқақтасты. 1967 жылы ол Қазақ политехникалық институтына түсті. Бірер жылдан соң аты газет бетінен түсетің қойды. 1970 жылы 8-10.02. де Республиканың 8 жоғарғы оқу орнының студенттері арасындағы Бұхлика-зактастық ІІ университетің чемпионы. Сонысымен СССР Спорт шеберлігіне кандидат болды. Енді бірде нияттуң чемпионы. Тағы бірде Павлодарда өткен 16

башысына дейін көтерілді. Үйленді, 4 балаң екең болды. Жетібай тұрғымы. Мұада да спорт-айнымз серігі. Енді тәлімгерлікке маңдай түзелді. Маңыша шақірттер топтастырды. Спорт мектебі жоқ. Өйтпін-бүйтпін мұнайшылар мектеміңің бір құмысын жаттығу залың жасақтады. Өзі оқыған мектептің бағыты спорт залың да пайдаланды. Орта көргенің пайдасы ғой, Алматыдағы жаттықтырушылары-

жерге орналасқанбыз. Серік күміс медаль алып қуантың. Соған арналған той дастарханна езі жаса алмады. Оның орнына жаттықтырушысымен Көп, Серіктің жоқтығы үшін гафу өгізді. Себебі ол бос емес, келесі бір үлкен жарысқа жазу дайындақ, жаттығу үстінде екен... Міне, спорттағы жол да ғылымдағыдай - илсмен құдық қауым берді.

Бақтоң Одақ чемпионы болған жоқ. Әлемдік аренаға шыға алмады. Себебі біреу — жасөспірілігіңен босай алмады. «Мұнайшылар, мұнай бер» ұраны басан байлады да қойды. Соған қарамастан ол ізбасар легіңің бойында спортқа деген сүйіспеншілікті қалыптастырды. Жетібайда бокстың өнер экендігін талмай насихаттады. Кейін қызмет бабымен Ақтауға ауысып, басың қызметте жүргенде де спорттан қол үзген жоқ. Соңғы қызмет орны - шет елдік компания басыңысыңың орнабасарлығы. Осы жұмысында өзі сүйетің спортты жана салғаға хөтермек еді. Армағы - елдігі Әбдісәліяңдарды Манғыстаудай шығару болғаны. Өзі көп айтатын Кассус Клейдің орын қазақ басып, жай басып хана қоймай біржола иеленіп, өзгерелдігі үмітін үздірп қойса дейтін. Аман не оған жете алмады. Бірақ армағы өміршен. Ол орныналар деп сенесің.

Қуанышты хабар: Жетібайда спорт мектебі ортаңа ашылғаны өзміз! Ігі қалам. Алдымен өзімізді ұлытамыздырсақ, елдіміз хане?! Өзүелі өз тауымызды биік қрып аламық! Сол жана нысанға өлең топырағымызда бокшылықты әуесқойлықтан бастап жасөспірілер көтерілген Бақтырәй Серікбаев аттымен атасақ. Бұл жезеңің, жалқыңан емес, спорт жанкүйері жалшының да ұсынысы.

Әбілқайыр Сиян

БОКСШЫ АТЫ БЕРІЛСЕ

болатын марқұм. Менің әліпше ұстаған ұстазым.

Жасынан ширақ, дағылз Бақтоң спортқа әуес болды. Құлшыранша жүргенде алшына жан салмайды. Ұзындыққа, биіктікке секіруге де жальқиды. Бір күні үй алдында, екі үйіміз көрпін еді, бұреубайдың зілдей темірін көтеріп қара тер болып жатыр. Мектепте гир жоқ, оны тіпті көргеніміз жоқ. Сұран білсем — мұнысы шынырудың жаттығуы болып шықты. Оның айтқандарының байыбына пелендей бара алмадым. Өйтеуір «күпті болып шығудың» талшымысы экен мұнысы.



Бақтоң оол айтқанынан шығып ақыры күшті болды да қойды. 1965 жылдың жазы басқыда көрсен, ол — боксер. Оша болып болмағанымен иығы шыққан.



облыс боксшылары қатысқан біріншілікте өрітсең, ол да Жетібайлық инженер, Төлген Хасалов екеуі бірінші орынды оқпалды. Республика хұрама командасының мүлсісі болып, Одақтық аренада ел намысын қорғады.

1972 жылы институты бітіріп келген Бақтырәй Серікбаевтың барлау жұмында бұрғы шебері. Артынан біржола мұай өндіру саласына ауысты. Инженерліктен өндіріс

нан алған, үйренген тәжірибесің қажетке жарыты. Айтпақысы, айта кеткен артық болмас, Бақтоң оқыған политехникалық институттың спорт кафедрасының меңгерушісі ағатың Сүйінғара бағырдың тіке ұрпағы болған. Қазір де сонда дәріс береді.

Адам туа спортшы болмайды. Оған да қарым, қабілет керек. Қалғаның сіре тынастан оқып, үйрену толықтырады. Соның бір мысалы 1980 жылғы Москва олимпиадасында болдым. Бокстың Серік Қошақбаевтың жерлестері, ішіңде мамасы да бар, бәріміз бір

Қаламқас кеңорны

ҚАЛАМҚАСТЫҢ ЖАСЫЛ ЖЕЛЕГІ

Бозағы түбегі Маңғыстаудағы ең бір табиғаты қияндау, жері сортаң болып келген аймақ. Осы жерде орналасқан Қаламқас кеңорнын игерушілердің тұрағы – мұнайшылар қалашығындағы сонадайлап желкілдейтін жасыл желек мекен даладағы оазис іспетті алыстан көз тартады.

Сортаң жерге, тастақ жерге екен тал-ағаштарға ерекше күтім керек. Оны уақтылы суарып, баптама, жасыл желектен қайран жоқ, жаздың ашып ыстығында тал-гөректің саясына отырып, демалып деп ойламай-ақ қой. Ал сол жасыл желекті суаратын судың бағасы құла дүз далада алтынан да қымбат.

«Қаламқас» өндірістік басқармасында түрлі техникалық мұқтаждыққа пайдаланып суды дайындауға 2008 жылы арнайы бұралық суды тазалау ұйымы ашылды. Қаламқастағы жасыл желектен жасыл желекке құтып осы ұйымға береді. Қазіргі таңдағы ұйымға басшы – Темір Қонысбай, орынбасары – Қожобеков Тұрғанбай. Екі ауысында 30 адамдай жұмыс жасайды.

Өңірде қызылап отырған осы ұйымның аппаратының Жетек Назаралиевтің «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамында жұмыс істегеніне неше жылдар жыл болыпты.

– «Маңғыстаумұнайгазға» 1992 жылы кірдім. Әуелі Жетібай экологиялық ұйымда слесарь-саптехник болдым, онда 16 жыл жасап, 2008-де осы бұралық суды тазалау ұйымына ауыстым, – деп Жетек замандасымыз әңгімесін бастады.

Жетек Назаралиев – Құрманың жігіті, осында дүниеге келген, әлі де осы кентте тұрып жатыр. Жетек басқару құсап қалаға жүргенді. Туып-өскен жердің, кіндік қаны тамған топырақтың иесі, ыстық, жапалақ аяқ жүгіріп, арман құған мекеннің өзіне байлап қоятын қасиеті болады ғой. Жетек туған Ерұлысын қимайды.

Жетек осы жерде 1962 жылдың 31 тамызында қарапайым еңбек адамдарының отбасында дүниеге келген. Әкесі Сәрсен Ерұлында орналасқан ағатқы «Маңғыстаумұнайгазбарлау» кенттегі экспедициясында (комплексная экспедиция «Маңғышлакнефтегазразведка») қаралайым жұмысымыз болып істеген. 1960 жылы әкесі, ол кезде жас отбасылық – әйелі мен 2 қыз баласы бар, Түркістан облысы Красноводск облысы Ақтас кентінен көшіп келген екен. Ата-бабалар өткен ғасырдың 30-жылдары Маңғыстауда болған аштық пен репрессиялардан үдере көшіп, бауырлас өрі көршілес республикада жан сауғалаған. Маңғыстауда ірі мұнай кездері ашылған кезде мұнда жұмыс орындары көптеп ашылып, байырғы маңғыстаулықтар атамекенге орала бастады. Тобылтан тарайтын зорбай ауылдың азаматы Сәрсен Назаралиев 1916 жылы Маңғыстауда дүниеге келген. Түркістанға қашқан кезде өсіп білетін едәуірлік бала екен.

Аштықтың, жоқшылықтың дәмі бір кісідей татқан. Жетектің анасы Ақсұлу Маңғыстауда келіп, 2 ұлды болғаннан кейін сырқостанып, көп ұзамай 1967 жылы өмірден қайтты. 2 ұл, 2 қыз жетім қалды. Жетектің артынан Көмек деген ұл еді. Сол төрт баланың төртеуі де Аллаға шүкір ер жетті, азамат болып, әрқайсысы бір-бір үй. Әкелері 1992 жылы дүниеден озды.

– Мен Құрманың дүниеге келдім, сол жерде №1 қазақ мектебінде оқыдым, оны 1979 жылы бітірдім. Ауылдағы автобазаға – АТП-2 мекемесіне жұмысқа кірдім, слесардың шәкірті болды. 1980 жылы өзім суарып, өскерге кеттім. Әскери борышымды Украина, Молдавияда орналасқан жөндеу өскерінде абыроймен өтедім, сержант болдым. 1982 жылы аман-есен борышымды өтеп, ауылға қайттым, – деп Жетек замандасымыз әңгімесін жалғастырды.

Өскерден оралысымен жас жігіт көп айынамастан бағы жұмысына қайта кіреді. 1985 жылы КЭМНП-ге агрегатшы болып ауысады. Бұның алдында 1984 жылы Жетек отау құрады. Алла Тағала оның тағдырына Атырау облысы Ганюшкин ауылының Бадилова Клара деген қызын жазған екен.

– 1989 жылы өктем ауырып, төсек тартып қалды. Сол кезде ауылға 5 күндік жұмысқа – КЭМНП-дың құрамындағы құрылыс-монтаж басқармасына слесарь-саптехник болып ауыстым. Ал одан кейін, жоғарыда айтып кеткенімдей, 1992 жылы «Маңғыстаумұнайгазға» кірдім, содан бері осы мекемеде келе жатырмын, – дейді Жетек.

Су ұнәкесінің жұмысы дамылса, күні-түні жасайды. Жұмысшылар түнгі ауысым, күндізгі ауысым болып тәулік бойы түрлідеген қондырғыларды бақылап тұрады.

– Бізге асқанадан, жатақхананың пайдаланылған сулары келеді, сол суды тазартамыз. Қазіргі таңда 1000 кубтай таза су шығарамыз. Оны, негізінен, Қаламқас кентінің ағаш-талдарын суаруға береміз, – дейді Жетек. – Құм-көмір фильтрден өткен суды электродиструктордан өткіземіз, ол судың құрамындағы микробтарды өлтіреді. Таза суды фотонфильтрацияға жібереміз. Бізден дайындалған таза суды өзінде тек жасыл желекке пайдаланады. Өрине, қазіргі дамыған технологияларды өндіріске енгізу – бұл жақсы нәтиже. Өлем тәжірибесін алшы қарайтын болсақ, бұралық суды тазартуды айтығанда қоқыс-қалдықтарды өңдеудің өзінен қалпама пайда тауып отыр. Ал біздің топ дала жағдайында, яғни орбит тамшы суының бағасы алтыға тең жағдайда, бұралық суды өңдеп, тазартып, қайта пайдалану –



бұл біздерге өте орынды, өрі тиімді технология.

Жетектің өндірістің мінсіз қызметі мекеменің өкілшілігі тарапынан қолдау мен мақтау тауып отыр. «Маңғыстаумұнайгаз» мекемесінің 30 жылдығына орай мақтау грамотасымен, талай ақпалай сыйлықтармен марапатталып жүр.

Өндірісте үздіксіз еңбек етіп, абыройға ие болған Жетек замандасымыз бақытты отбасында да тауып отырған жан. Ол өмірлік серігі Клара екеуі 2 ұл мен 2 қыз өсірген бақытты ағана. Тұңғыштары Сүндет (1985 жылы дүниеге келген) Алматыдағы Жүргенов атындағы театр академиясын бітіріп, қазір Нұрмұхан Жантүрін атындағы облыстық музыкалық драма театрында өртіс.

– Кезінде Қаламқаста болған «Жігіт сұлтаны», басқа да өнерпаздық шараларға белсенді қатысып жүрдім, ұлым маған тартқан ғой, – деп Жетек езу тартты. – Одан кейінгі Алтынай деген қызым (1986 жылғы) – мұғалім, Жаңабай (1988 жылғы) – мұнайшы, Каспий қоғамдық университетін бітірген, Нұрсұлду 1994 жылы дүниеге келді. Сүндет отбасымыз, немерем бар Ақсырға деген, 3 жаста. Аллаға шүкір айтамын.

Отбасын асырау – ер жігітке Алланың тапсырған аманаты. Осы аманатты абыроймен арқалап, бала-шағасын адал наоқасымен асырап жүрген ауылдың азаматтары екі дүниенің бақытты тілеушісі!

ТАЗАЛЫҚ КҮЗЕТІНДЕ



Бүгіндері өндірісте болып, қоғамның басқа салалары болып, өрлермен қатар еңбек етіп жүрген әйел адамдар тілген де таңсық емес. Кенес дәуірінде неше бір еңбек дәрежелеріне ие болған аналарымызды тарихтан білеміз. Отбасының түтінін түтетін, ошақ айналысында жүретін қазақ әйелінің қоғам ісіне араласуына өмірдің небір қым-қиғаш сәттері мәжбүр етті. Соның 20-ғасырдың басындағы колхоздастыру, одан кейінгі репрессия, қуғын-сүргін, одан

кейінгі соғысты еске алайық. Аштық пен репрессиялардан қашып, Орта Азия республикаларын, Иран, Ауған елдерін ланапалаған ағаштарымызға аналарымыз мысал болмай, «өйел екеміз» деп отырып алмай, шама-шарқына көмегін берген, сымбанып ауыр-ауыр жұмыстарды жасаған. Мысалға, Маңғыстау облысымен көршілес Түркістанның Бекдан деген кенті бар, сонда суыфат шығаратын кеңорын болған екен. Ер-азаматтармен бірдей, қайрақ, шешелеріміз де сол уы суыфатты шығаруға атсалысқан. Ол кезде қайбір техника бар дейсің, көп зәт қара күшпен бітеді. Қырдың қазағы екі қолға бір күрек бар ма деп өндіріс болсын, завод-фабрика, темір жол, мал шаруашылығы болсын – адал күнкоріс жолдарын бірден менгеріп кеткен. Орысша сауаты жоқ болса да табиғатынан аштық қазақтар еңбекке араласып, біраздан кейін тұрмыстары түзеле бастады. Сол кезде жығылғанға жұдырық, соғыс басталып кетті. Енді-енді еңсесін көтеріп, нағыз қолы жеткен ол тағы да аянып қалды. Ер-азаматтар қалған елде жұмыстың ауыртылығы әйел адамдардың мойнында болды. Малдан басқа күнкорісі жоқ, 90 пайыз өлінен айрылған Маңғыстаудың да күзді мез емес-тіз. Таунықтағы шахтада, малдың соңында жүргендердің дені қыз-кейіншек болды. Әйелдің тәуіметі соғыстан кейінгі жылдары да біте қоймады, өйткені соғыстан талай арыстар қайтпады... Қазақ әйелі қоғам өміріне осындай қиы-қиы заманда, өз қалауымен емес, өмір талабымен кірісіп кетті...

Өткен ғасырдың 60-жылдары Маңғыстауда мұнай кездері ашылып, елің еңсесі көтерілді. Сол алғашқы берлушы-бұрғылаушылардың арасында да әйелдер жетіп-артыпты, өйткені соғыстың зарықтары әлі де қалса сезілетін-ді, жұмыс қолдары жетіспей, мектеп бітірген қыздардың арасында мұнайға шақырған үгіт-насихат жұмыстары жүргізілді.

Заман өзгерді, Аллаға шүкір елің көйлегі көк, тамағы тек. Бірақ сол бір тағдырдың жазуымен аналарымызды

салып кеткен жолы соңғы буындарға өнеге болғанды. Қазіргі қазақ әйелі – қызметін отбасының тіршілігімен ұштастыра білетін әйел.

«Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында аш-сінділеріміз көптеп жасайды. Негізінен, асқана, жатақхана қызметтерінде. Сондай сінділеріміздің бірі ауысымдық кентте 17 жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан Байниязова Рах. Қуғушіліктен бастаған Рах қазір жатақхана комendantы.

– Осында 1995 жылы жұмысқа кіргенімде жатақханалар өскі кентте болды. Жаңа кенттегі 7 жатақхана бітіп тұр екен. Менің көз алдымда 40 жатақхана салынды. Соңғы жылы тағы да 1 қабатты 2 жатақхана іске қосылды. Жатақханалардың 8-і жөндеуден өтті, жаңа жихаздармен қамтамасыз етілді. Жақында спорттық кенен ашылды. Барлық қажет спорттық құрал-саймандар қамтылған. Құрбан айт мерекесі кезінде лентасын қыю салтанаты болды. Қаламқас кенті күннен күнге көркейіп келеді. Барлық жұмысшыларға жанды жасалып жатыр, – деп Рах өз жұмысындағы жаңалықтар туралы құлағдар қылды.

Жатақхана қуғушілерінің негізгі міндеті – ер белмені тазалап, қалдағалу. Тазаланыпты біліп, тазалықты сақтағал жақсы ғой. Сондықтан да қуғушілер тұрғындардан да тазалық сақтауды талап етеді. Көп жылдан бері жатақханалар ісімен Қаламқас кентінде Табилов Бақытжан айналыса келеді. Белменерді тазалау – оңай іс көрінгенмен, бір күн соларды тазаламай көрші, не болыр екен!

Рах қолы босай қалса, қолына ине ұстайтын өнері бар екен. Өз көрпе-теңегін өзі тігіп ала береді.

– «Олақтан саяқ жамып» демекші, соның екеуі де жақсы зат емес. Өйел болғаны бұл екеуінен де бойды аулақ ұстаған жөн ғой. Өрине, ауысыммен жұмыс жасау әйел адамға оңай емес. Жұмыстың қолымыз босай қалса, үйдің тіршілігімен айналысамыз, – дейді Рах.

Жұмысында сәттілік, отбасына бақтты тілеушісі, Рахжан!

Жетібай кенорны

МҰНАЙШЫ ҚАЛЫМ АҒА

32 жылдан бері тапжылмастан Жетібай кенорнында оператор болып істен келе жатқан Өтебаев Қалым ағамыз Маңғыстау мұнайының тарихы бастау алатын әйгілі Түбдікте дүниеге келген екен.

Әкесі Тарғын Өтебаев – түбі Кетіктен, жергілікті айым жамбоз руының азаматы, Түбдіктен мұнай табылмай, экспедициямен бірге Жетібай кенорнына келіп, осы жерге алғаш бұрғы салғандардың бірі. 1961 жылы мұнай фонтаны атқан кезде Тарғын Өтебаев сол оқиғаның куәсі болған екен.

Әлбетте, Жетібай кенорнына еңбегі сіңген Өтебаевтар әулеті туралы көсіліп айтуға болар еді, уақыттың тығыздығына тек Қалым ағамызбен ғана сойлесуге мұрша болды. Қалекеннің әп дегенінен-ақ ақкөкірек, қарапайымдылығы бірден көзге түсті. Өзі туралы ештеңе айтып жарытпады. Өзін-өзі, не ата-тегің айтып мақтанбады.

– Жалпы Өтебаевтардан менің өкменем басқа да Мұрат пен Қартбай ағаларымыз да сол тарихи сәтке куә болғандар, – деп Қалекен қысқа қайырды.

1958 жылдың 20 қазанында дүниеге келген Қалым 2 жасқа толар-толмаған шағында әке-

шесесі Жетібайға келіп қоныстанады. Экспедицияның іздегені – мұнай мен газ. Кеңес үкіметі осы екі шікізет көзіне зәру, Маңғыстаудан көп үміт күтті. Сарғайтып барып 1961 жылдың пілдеосінде сол қара май жеті қабат жердің астынан атты дейсің! Бәрі маз! Мәз болмағанда ше! Осы майдың арқасында Маңғыстаудың тұрмысы түзелмек, балалардың болашағына жол ашылмақ. 30-жылдар дүрбелеңінде 90 пайыз халқынан айрылған өлке халқының өшкені тіріліп, өшкені жаңағандай болды. Елдің еңсесі көтерілді. Осындай бір тарихи шақта дүниеге келіп, балалық шағы сол мұнайдың ішінде өткен Қалым болсын, басқа болсын – мұнайшы болмағанда, кім болар еді? Қалым – сол көпшіліктің бірі, мектеп бітірді, өскерге барып қайтты, одан мұнайға жұмысқа кірді. 1980 жылы қалай Жетібай кенорнының қабаттар қысымын ұстау кәсіпшілігіне кірді, солай әлі келе жатыр. Бір орында – 32 жыл тапжылмастан еңбек студе!

Қалекен қазір 5-дәрежелі оператор. Аспандағы айды алам деп ұтылмады, халықпен бірге, біреуден іштері, біреуден соң қарапайым өмір кешіп келеді. Ендігі бар үмігі – балалары. Аллаға шүкір, Қалым ағамыз бен Сания жемегізге 3 ұл мен 1 қыздың қызығын қызықтауды жазған екен. Үлкен ұлдары Алтынбек (1984 жылғы) «Қазтрансгазаймақ» компаниясында жұмыс жасайды, отбасылы, өке-шешесінің қолында. Одан кейінгі Ақылбек, Айзада мен Мойрамбектері те өсіп қалды.

Қалекен еңбек ететін қабаттар қысымын ұстау кәсіпшілігінде бүгін 83 адам қызмет етеді. Кәсіпшілік бастығы – Жақсығитов Қуанғали, орынбасары Әбді-халықов Түгелбай.

– Негізгі жұмысымыз – жер астына үлкен қысыммен су айдап, мұнайды көтеріміз. Түпкі мақсат, мұнай өнімін көбейту ғой, сіре, – дейді Қалекен өз жұмысы туралы.

Қалым Өтебаев өндірістегі адал еңбегі үшін басқарма төра-



панын үнемі марапатталып жүр. Мысалға, былтыр тойланған Маңғыстау мұнайының 50-жылдығына Қалым аға «Ардагер мұнайшы» төсбелгісімен марапатталды.

Жұмысыңыз жемісті бола берсін, Қалым аға! Сізге зор денсаулық пен мол бақыт тілейміз!

ГЕОЛОГ ЖӘМИЛЯ



Қалым ағамыз сияқты «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасының екінші мұнай және газ өндіру кәсіпшілігінің 2-категориялы геологы Жәмилия Бекбосынова апамыз да көзін ашқалы көргені – Жетібай.

– Әкем Алғали Жетібайға алғашқы лекпен келгендердің бірі. Арғы түбіміз Шайыршабыз, бірақ жетібайлық болып кеттік қой. Әкеміз осы кенорныда өмір бойы істеді, менің де бүкіл саялы өмірім осы кенорнының ыстығына күйіп, суығына тоңуымен келе жатыр, – деп Жәмилия апамыз өңгімесін бастады.

1959 жылы дүниеге келген

Жәмилия Жетібайдағы №3 қазақ мектебінде оқып, оны 1976 жылы бітірген соң 2 жылдай кенорныда оператор болып қызмет етті. Ол кезде кенорныда игеруші «Мангышлакнефть» өндірістік бірлестігіне қарасты «Жетібайнефть» мұнай-газ өндіру басқармасы. 2 жыл істеп, өндірістік тәжірибе жинақтаған Жәмилия Алматыдағы Ленин атындағы Қазақ политехни-

калық институтының геология факультетінің күндізгі бөліміне оқуға түседі. Оны ойдағыдай аяқтап, Маңғыстауға, өзінің туанындай болып кеткен ұжымына қайтып келіп, содан бері геологиялық қызметтің әр түрлі сатыларында істен келеді.

– Өз ұжымыма, мекеменің әр жылдары басқарған басшыларға сондай ризамын, өйткені Жетібай кенорнын ылға да сауытты, зиялы, халыққа жағым жақын азаматтар басқарды. Бұл жағынан мекеменің бағы күшті. Мекеме ұжымының ауызбіршілігі, ойдағы тәртіп, еңбек өнімділігі, қарапайым жұмысшылардың әлеуметтік мәселелерінің дұрыс және дер кезінде шешілуі, жақсы мамандардың болуы – осылардың барлығы мекеме басшысына бірден бір байланысты мәселелер. Мен жеке басым 3 басшыны ерекше атап өтер едім. Олар – Серікбаев Бақтыгерей, Бижанов Сағидолла және Қуванов Абай (Бижанов пен Қуванов мекемені екі реттен басқарды). Бұлар мекеменің дамуына көп үлес қосқан адамдар. Бастықпын деп піреспің, көкіректерің көтерген жоқ, Қарамағыңдағы адамдармен тіл табыса білді, олардың мұқтаждарын жоғарыға жеткізе білді. Кез-келген мәселемен сұхбат алдырыма ыра беретін едік, және де сол мәселеміздің шешілетініне күмән қоймайтын едік, – дейді Жәмилия апамыз өткен жылдарды еске түсіріп.

Жәмилияның 1976 жылдан есептегенде Жетібайда істегеніне 36 жыл болған екен (институтты қосқанда). Ал диплом алып, геолог болып жасағанын 1983-тен есептеу керек – ол да аз емес, 29 жыл екен! Осы жылдар аралығында мекеменің қалай өсіп, өркендегені – бәрі Жәмилияның көз алдында өтті. Соны 1976 жылдан Жәмилияның есінде бір қызық оқиға сақталып қалғаны, соны есіне түсірді:

– Менің мектептен кейін оператор болып жасап жүрген кезім. Бір күні «скважинаның пешіне Бижанов күйіп қалыпты» дегенді естідік. Менің қасыма ученищеден бір практикант баланы жіберген, соны ертіп скважинаның пешін қалай жағу керек екенін үйретуім керек болды. Барып, топқасын ашып, желдеттім, балаға да соны айтып түсіндірін жатырмын. Сөйтіп жатқанымызда қасымызға бір УАЗ машина келіп тоқтай қалды да, ішінен бір адам түсті. Өлті бала топқаға басын тығып, ішіне қарай үйді берді. Мен шыдай алмай: «Басыңды пешке тыға берме, Бижанов құсап күйіп қаларсың!» демеймін бе. Менің сөзімді естіп тұрған алғі кісі «Кім күйіп қалыпты дейді?» деп қасымызға келді. Мен «Бижанов та!» депші ғой. Ол ештеңе демеді. Артынан білдім, алғі кісі Бижановтың өзі болып шықты! Ол кісі аяғымен скважина аралайтын әдеті бар екен, мен қайдан білейін.. Сондай да қызықтар болған

өндірістік өмірімізде...

Уақыт сулай қымрап өтеді ғой, жарықтық, күні көше мектеп бітіргі өндіріске келген өрімдей қыздар мен жәйгітер бүгіндері ел ағасы жасына келген.

– Өз ұжымым туралы айтатын болсам, біздің екінші кәсіпшілікке жүзге жақын адам еңбек етеді, көбісі жастар. Негізінен Каспий қоғамдық университетінің түлектері. Біздің қатарларымыз, бізден алдыдағы бузып, шыны керек, сәртеуе. Өйткені жас келгендер зейнетке шығып жатыр. Бастығымыз Жүзбаев Асқат деген азамат. Көптен бері келе жатқандардан кәсіпшілік бастығының орынбасары Матаев Сөміғаллы, технологтар Жолдасбаева Рағ мен Кешбаева Айша, операторлар Өтегов Амантай, Тілеужанова Алмажай, Шалғатаева Түймекан, Аманнизова Мүсипмалары айтар едім. Бұлардың әрқайсысына жақсы-жақсы сөздер тауып айтуға тұратын адамдар. Бір-бірімізді нешөбір жылдан бері білесіз, Жетібайдың ыстығына бірге күйіп, азыны бірге тоңған еріпестеріміз, – деп Жәмилия Бекбосынова бұрыннан бері келе жатқан еріпестері туралы да жылы сөзін айтты.

Еңбек кітапханасында бір-ақ мекеменің мөрі басылған Жәмилия Бекбосынова айтар тілегіміз: «Еңбегіңділің жемісін көре беріңіз, бақыт пен денсаулық тілейміз!».

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

60 жас

Ечмаков Василий Иванович – 7 желтоқсан, ТСП, электрғаз дәнекерлеуші
Худайбергенов Нұрнияз Төлегенұлы – 10 желтоқсан, КД, автокөлік жөндеу бойынша слесарь
Исатаев Серікбай – 14 желтоқсан, МЛТЖЖТУ, учаске шебері

55 жас

Мұхитова Галина Тариковна – 12 желтоқсан, ӘМЖӘДД, дәрігер-терапевт
Емельянова Елена Каликановна – 16 желтоқсан, ӘМЖӘДД, топ жетекшісі
Аязбаева Нұрсәуде Өткелбайқызы – 17 желтоқсан, ПҚЖП, қосымша жұмысшы
Исекова Қарашаш Исакызы – 18 желтоқсан, МКДАЦ, тауар операторы
Садықова Рахат Әбдіхалыққызы – 23 желтоқсан, ПҚЖП, есепші
Атчибаева Бибіжамал Елубайқызы – 25 желтоқсан, ТҮШ, үй күтушісі
Қашарова Мариям Сәрсембайқызы – 28 желтоқсан, ҚҚҰЦ, есепші
Аминова Роза Файзулжаковна – 29 желтоқсан, ӘМЖӘДД, тоназытқыш қондырғыларының машинисі

50 жас

Жанысбаев Бахтур Бектемірұлы – 1 желтоқсан, ТК,ЕЖҚОКД, бөлімше командирі
Галиева Рахима Сүлейменқызы – 2 желтоқсан, ГЗӨЖЦ, лаборант
Бегейбаев Төлеп Баймбетұлы – 2 желтоқсан, ЖСҚКУ, слесарь-жөндеуші
Сабытов Бисәғали Исағалиұлы – 3 желтоқсан, ТҚ,ЕЖҚОКД, өрт сөндіруші
Куспакова Марал Тасболатқызы – 3 желтоқсан, ӘМЖӘДД, қазандық операторы
Абиханова Күміс Қожағұлқызы – 6 желтоқсан, ТҮШ, үй күтушісі
Қарамурзаев Серікбай Убайұлы – 8 желтоқсан, КД, автокөлік жүргізушісі
Жұмбаева Тамара Бисекенқызы – 7 желтоқсан, ТҮШ, үй күтушісі
Конанов Жердебай Есболатевич – 14 желтоқсан, ККД, ғимараттарды кешенді жөндеу және күту қызметкері
Танкиева Гүлсағида Аубекеровна – 17 желтоқсан, ӘМЖӘДД, өндірістік және қызметтік үй-жайларды жинаушы
Қылыбаев Қуаныш Назарбайұлы – 26 желтоқсан, ПҚЖП, электрғаз дәнекерлеуші

40 жас

Мағауов Әсет Маратұлы – 28 қараша,

"KAZENERGY" мұнайгаз және энергетика кешені ұйымдары қауымдастығының бас директоры

БІЛГЕНГЕ МАРЖАН!

Аттестация өткізудің технологиясы	– Технология проведения аттестации
Дайындық кезеңі:	– Подготовительный этап:
Аттестация жөніндегі ережені әзірлеу және бекіту	– Разработка и утверждение Положения по аттестации
Персоналды Ережемен таныстыру	– Знакомство персонала с Положением
Құжаттамаларды (персоналды бағалауға арналған анкеталар, өзге де бланкілер, жұмыскерлерді бағалаудың бастапқы нәтижелері сінгізілетін таблицалар, есеп беру құжаттары мен міндеттемелердің, аттестаттау ведоместарының, аттестация қорығанды нәтижелері түсірілетін жиынтық таблицаның формалары, жеке даму бағдарламаларына арналған бланкілер және т.б.) әзірлеу немесе түзету	– Разработка или корректировка документации (анкеты, другие бланки для оценки персонала, таблицы предварительных результатов оценки работников, формы отчетов и характеристик, аттестационной ведомости, сводные таблицы итоговых результатов аттестации, бланки для индивидуальных программы развития и т.д.)
Аттестатталатын жұмыскерлердің мәліметтерін, соның ішінде кадрлар бөлімінің ақпараттарын дайындау (Ф.А.Ө., дата, туған жері, білімі, жұмыс тәжірибесі, өз ұйымыңыздағы кәсіби қызметінің тарихы – жұмысқа қабылдануы, ауыстырылуы, бағалануы, тәртіп бұзушылықтары, біліктілігін арттыруы, бұған дейін аттестациядан өту жағдайы т.б.)	– Подготовка информации на аттестуемых работников, в том числе от отдела кадров (Ф.И.О., дата, место рождения, образование, опыт работы, история профессиональной деятельности в вашей организации – прием, перевод, поощрения, дисциплинарные нарушения, повышение квалификации, прохождение аттестаций до настоящего момента и т.д.)
Ұйымдастыру кезеңі:	– Организационный этап:
Аттестация комиссиясын құру	– Формирование аттестационной комиссии
Аттестация комиссиясының құрамы туралы бұйрық шығару, персоналды ол бұйрықпен таныстыру	– Издание приказа о составе аттестационной комиссии, ознакомление с приказом персонала
Аттестация комиссиясы мүшелерінің аттестация өткізуге дайындалуы (жұмыс туралы мәжіліс, аттестация мақсатын көшу, бағалау технологиясымен танысу, аттестаттау мерзімдерін, процедураларын белгілеу)	– Подготовка членов аттестационной комиссии к проведению аттестации (проведение рабочего совещания, согласование целей аттестации, знакомство с технологией оценки, согласование сроков, процедуры проведения аттестации)
Жұмыскерлерді бағалау формаларымен және критерийлерімен таныстыру	– Знакомство работников с формами и критериями оценки
Аттестациядан өтетін жұмыскерлерге аттестацияға байланысты өзін-өзі бағалау және есеп беру бланкілерін тарату	– Выдача всем сотрудникам, проходящим аттестацию, бланков для самооценки и отчетов к аттестации
Аттестация кезіндегі жұмыскерлермен әңгімелесу барысында қойылатын сұрақтарды әзірлеу	– Подготовка вопросов, по которым с сотрудниками будет вестись собеседование во время аттестации

Ағай-Атам, Отпан-Мая!

*Жаратқан ием, бір қызақтың болыпты үй баласы,
Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс есімдері аталған.
Үй баладан жасайлың, ең болып кең даласы
Алаш болдығы айыныды, Қазақстан атаманы.*

*Содан үй жүз болыпты, Ақарыс, Бекарыс, Жанарыс
Кіші жүзде Жанарыстан, он екі ата Байғылы.
Он екі ата біреуі, Адайдан өрпін кең арыс
Біз Адайдан ұрпағы, жасауыңер бақпан байыры.*

*Текті бабам Адайдан, Бекет шыққан әруақты,
Бала оқытқан мейітте, батыр болты жан-жақты.
Бекет қолдан, бабалар жасуды құл жайратқан
Маңғыстаудың төрінде, Адай тұын орнатқан.*

*Елін, жерін қастерлеп ер бабалар қорғанан,
От тұтанса Отпаннан, намыс бұты торлаған.
Отпан таудың басынан жаууершілік заманда
Еге қатер төнгенде от безімен жосаған.*

*Қыран бабам тастарға, таубасын қиған сазғалы,
Жеті жұрт келіп кетіліп-су заманда думалы.
Адай тұын есікіңде жығы алмаған шайқаста
Бұл Маңғыстау жасауыңер Адайдан жері арналы.*

*Адай тауба ту ұстап, талай жасуға шауыпты,
Атырау сонау Алтайдан, жау қайтара барыпты.
Осылайша ұрпағына жерін қорғап шапқан ер
Бабаларым жасеп жасеп, топырағында жатқан жер.*

*Бір Алла деп өткізген ата мекенім киелі,
Үй жүз аялыс екі зүлейі, атам Бекет түнегі.
Ұрпағына қалдырған атам сөзі ізелік
Өткенімен ертеңің аманат еткен тілегі.*

*Отпан тауба Адайдан ұрап оты жасылған,
О садаған күмбезді киелі өр Маңғыстау.
Бойында құт қасиет кудіреті дәриван
Әруағынан айналдым Адай елім намыстан.*

Қанатов Қ.М.,
«ОТК» ЖШС жетекшісі



Мұнайлы Өлке
Меншік иесі:
"Маңғыстаумұнайгаз" АҚ
Редактор: Есназар Сұлтанов
Редакция ақшасы: А.Ақшаева
Дизайнер-беттеуші: Е.Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130060, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
т.ф.:
211-736, 212-286
Газет айналы 1 рет шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде есепке қойылып, № 9675 - Г күйсілі берілген

■ Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді
■ Редакция оқырман хаттарына жауап бәрмейді және оны қайтармайды
■ Жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды

Газет АҚ-ның жұртшылықпен байланыс тобының компьютерінде теріліп, беттелді.
Индексі: 64265
Таралымы: 2000

"CASPIY PRINT" ЖШС баспаханасында басылды.
Ақтау қаласы, 22 ш.а.
Тел: 750750
Телсырыс: 736